

Бөлім: Прозадағы Қазақстан бейнесі

Сабақтың тақырыбы: Қабдеш
Жұмаділовтің «Қаздар қайтып
барады» әңгімесі



Сабақтың мақсаты:

- * ТЖ1 Әдеби шығармаларды түсіну, ұқсас шығармалармен салыстыру
- * АИ6 Оқу және дәлелді жауап беру

**Қазақстанның халық
жазушысы, Оның «Жас дәурен»
өлеңдер жинағы, «Қаздар қайтып
барады», «Сары жайлау», «Шарайна»,
«Сәйгүліктер» әңгімесі, повесть
жинақтары, «Көкейкесті», «Бақыт
жолында», «Атамекен» романдары,
«Соңғы көш» шығармасы оқырман
қауымына жақсы таныс.**

Ол 1936 жылы 24-
көкекте Тарбағатай тауын
ың күнгей
бетіндегі Малдыбай
бұлағының бойында
дүниеге келді.



Қаздар параболасы



Топтарға тапсырма

I-топ:

1-бөлім: Жалғыз жортқан жолаушы.

2-бөлім: Жолда көрген қиыншылықтар.

II-топ:

3-бөлім: Ойға оралған өткен күндер, жалғыз немере — Төлеутай.

4-бөлім: Кінәсіз тағылған айып.

III-топ:

5-бөлім: 40 жылғы көкіректе сақталған ұзақ сапар.

6-бөлім: Тұмардың ішіндегі топырақтың жерге түсуі немесе елге жету.

**Топтағы оқушылар үзінділермен танысып болған соң,
өзара рөлдерге бөлінеді.**

Баяндаушы - мәтіннің мазмұнын баяндайды. (топтағы 4 оқушыға жүктеледі, кезектесіп баяндайды)

Зерттеуші – мәтіндегі әдеби көркемдегіш құралдарды табады. (портрет, пейзаж, метафора, кейіптеу т.б)

Белгілеуші – үзіндінің мазмұнына сәйкес жоспар құрады.

Сұрақ қоюшы – үзінді бойынша 7 сұрақ дайындайды.

Бағалаушы – алдымен өз тобында мәтінді түсініп оқиды, кейін өзге топтың бағалаушыларымен ауысып, жұмыстарын бақылайды, жетістік критерийлері бойынша бағалап отырады.

Есіңе сақта!



Тұмар - зиянды тылсым күштерден, тіл-көзден сақтайды деп сенген ежелден келе жатқан қазақ халқының бұйымы. Тұмар сөзінің этимологиясы көне түркі *тума* және *йер* тіркесінен "туған жер" мағынасын береді. Көне түркілер тұмарға туған жердің топырағын салып жүрген.

Үйге тапсырма:

- Әңгімені мазмұндаңыз,
КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНА
талдау жасаңыз.

